



Әлеуметтік- экономикалық дамуға қолдау көрсету

GRI 3-3, GRI 12: Coal Sector: 12.8.1

БІЗ ШАМАМЕН 19 МИЛЛИОН ТҰТЫНУШЫНЫ ЭЛЕКТР ҚУАТЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП, БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША 17 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫН ҚҰРА ОТЫРЫП, ҰЛТТЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДА МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАМЫЗ. БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТІМІЗ АЙМАҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ЖӘНЕ МЕРДІГЕРЛЕРМЕН ӨДІЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТАДЫ. БІЗ СОНДАЙ-АҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА, БІЛІМ БЕРУГЕ ЖӘНЕ ЖЭК-НЕН АНАҒҰРЛЫМ ТАЗА ЭНЕРГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ИНВЕСТИЦИЯ САЛА ОТЫРЫП, ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСARTУҒА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРЕМІЗ.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлеуметтік стратегиясының негізі бірқатар нормативтік құжаттарда, оның ішінде Тұрақты даму саласындағы нұсқаулықтарда, Кадр саясатында, Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатта бекітілген тұрақты дамуға кешенді тәсілдеме болып табылады. Бұл құжаттар жергілікті қоғамдастықтармен және басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың қағидалары мен стратегиялық бағыттарын анықтайды, бұл компанияға әлеуметтік бастамаларды өз қызметіне тиімді интеграциялауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, 2023 жылғы 28 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес әзірленген Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саясаты енгізілді. Бұл саясат негізгі стейкхолдерлермен қатынастарды үйлесімді және мақсатқа бағытталып қамтамасыз ете отырып, қолданыстағы корпоративтік стандарттар мен нормаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама-сының талаптарын ескереді.

Сыртқы әлеуметтік саясатты басқару және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саласындағы жауапкершілік пен міндеттемелерді Корпоративтік басқару және тұрақты даму департаменті, Адам ресурстарын басқару департаменті, сондай-ақ әрбір құрылымдық бөлімше өз қызметі шеңберінде жүзеге асырады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Компания жобаларын іске асырудың барлық кезеңдерінде мүдделі тараптармен белсенді диалог жүргізеді, қызметті басқарудың барлық деңгейінде олардың мүдделерін ескереді. Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу стратегиясы мүдделі тараптарды анықтаудың, кері байланысты және ақпараттандыруда ашықтықты қамтамасыз етудің тәсілдемелерін сипаттайды (толығырақ «[Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді](#)» қараңыз).

Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесудің негізгі механизмдері мыналар болып табылады:

- тікелей немесе жанама қозғалған (қозғалатын) немесе жергілікті қауымдастықтардың өзара әрекеттесуі мен дамуына мүдделі болуы мүмкін мүдделі тараптарды идентификациялау және талдау;
- жоспарлау, дайындау және жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде рәсімдерді анықтай отырып, консультациялар өткізу;
- тәуекелдерді/салдарды, артықшылықтарды қабылдау және түсіну үшін ақпаратты ашу, сондай-ақ мониторинг және есептілік ұсыну;
- шағымдарды беру және қарау механизмі.

Әлеуметтік-экономикалық үлес

Есепті кезеңде біз өзіміз орналасқан аймақтармен ұзақ мерзімді жемісті қарым-қатынасты қамтамасыз етуге және әлеуметтік жауапты компанияның имиджін нығайтуға бағытталған шараларды жүйелі түрде жүзеге асырдық.

Біз өзіміз жұмыс істейтін аймақтардың әл-ауқаты мен әлеуметтік-экономикалық дамуына мыналар арқылы елеулі үлес қосамыз:

- халықты электр энергиясымен, жылумен және көмірмен қамтамасыз ету
- жергілікті халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, әлеуметтік салықтар мен аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету шығындары және қызметкерлерді қолдаудың басқа да нысандары;
- бар аймақтарды дамытуға, халықтың тұрмысын жақсартуға, жұмыс орындарын құруға әсер ететін инвестициялық жобаларды іске асыру;
- салықтарды төлеу арқылы облыстық бюджеттерге қомақты түсімдерді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік инфрақұрылымды қолдау;
- қайырымдылық және үкіметтік емес ұйымдарға, ғылыми-зерттеу мекемелеріне бірыңғай оператор, «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы қайырымдылық жасау жолымен жергілікті қоғамдастықтарға инвестициялар;

Есепті кезең ішінде инфрақұрылымдық жобаларға инвестициялау жүзеге асырылған жоқ. Алайда, 2023 жылы Компания жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік - экономикалық дамуына бағытталған іс-шараларды өткізуге және жобаларды іске асыруға жалпы сомасы

125 миллион теңге қаражат бөлді

- әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру шараларын қолдау.

GR1 203-1

Бізде елдің ұлттық экономикасын дамыту бағдарламаларына және жауапты инвестициялау қағидаттарына сәйкес келетін инвестициялық жобалар портфелі бар. Сонымен қатар, біз 3 маңызды* инвестициялық жобаны анықтадық, оларды іске асыру біз жұмыс істейтін аймақтарда жаңа жұмыс орындарын құруды және инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз етеді:

Екібастұз МАЭС-1 №1 энергоблогын жаңа электрсүзгілерді орнату арқылы қалпына келтіру

2024 жылдың қарашасына дейін белгіленген қуаты 500 МВт-қа дейінгі МАЭС-1 энергоблогынның құрылысы жалғасуда. Жаңа электрсүзгілерді орнату орнатылған қуаттылықты 4000 МВт-қа дейін арттыруға мүмкіндік береді. 2023 жылы негізгі энергоблоқты және энергоблоқтың қосалқы жабдықтарын, сондай-ақ күл жинау қондырғысын бөлшектеу жұмыстары жүргізілді. 2023 жылғы 23 желтоқсанда энергоблок тестілеу режиміндегі сынақтан сәтті өтті. 2023 жылға жоспарланған барлық жұмыстар орындалды.

Алматы ЖЭО-2 қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту

2022-2026 жылдар аралығында Алматы ЖЭО-2 орнында газтурбиналық технологияларды қолданатын жаңа станция салу жобасын жүзеге асыру жоспарлануда. Оның электр қуаты 600 МВт-қа дейін, жылу қуаты — 800 Гкал/сағ құрайды. 2023 жылы ЕРС мердігерімен келісім-шарт жасалып, 32,5 млрд теңге сомасында 10% аванс төленді. Қазіргі уақытта қажетті құрал-жабдықтарды жеткізуге келісім-шарттар жасалып, құрылыс алаңын геологиялық зерттеу және уақытша құрылыстарды салу жұмыстары жүргізілуде.

Алматы ЖЭО-3 қайта салынды

2021-2026 жылдар аралығында Алматы ЖЭО-3 жаңғырту жобасы жүргізілуде, оның ішінде қуаттылығы 545 МВт-қа дейінгі БГҚ құрылысы жоспарланған. Жобаның мақсаты — Алматы өңірінде тұтынушыларды үздіксіз электрмен және жылумен энергия жабдықтауды қамтамасыз ету болып табылады. 2023 жылы мердігерлермен ЕРС келісім-шарттары жасалып, жабдықты өндіру бойынша резервтер туралы келісімге қол жеткізілді. ЕРС мердігер жобалық құжаттаманы әзірлеуге кірісті; 2024 жылдың қаңтарына дейін жабдықты жеткізуге келісім-шарттар жасау жоспарлануда.

* Елеулі жобалар — қолданыстағы энергия шығаратын қуаттарды 2024-2026 жылдары 500 Мвт бастап арттыруды көздейтін жобалар.



Жауапты инвестициялау қағидаларына сүйене отырып, біз тәуекелді тиімді басқару үшін инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық (ESG) Нақтыорларын қарастырамыз. Компаниялардың мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуі жобаның көлемі мен сипатына, ықтимал тәуекелдер мен зардап шеккен қауымдастықтар мен қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерлеріне және қоғамдық қызығушылық деңгейіне байланысты өзгереді.

Жаңа жобаларды жүзеге асыру кезінде біз заңнама шеңберінде тиісті материалдарды дайындай отырып, қоғамдық тыңдалымдар форматында жергілікті халықпен кеңестер жүргізіп, билік органдарымен өзара әрекеттесеміз. Келіспеушіліктердің заң шеңберінде шешілуі, жобаларға жалпы баға беру жергілікті халықтың мүддесін ескереді.

GRI 201-1, GRI 12: Coal Sector: 12.8.2

Өңірлердің экономикалық тұрақтылығы

Біз қызметкерлер мен жергілікті қауымдастық үшін экономикалық құндылық жасаймыз және әлеуметтік жауапты компания ретінде салықтарды төлей отырып, жұмыс орындарын құру және инфрақұрылымды дамыту арқылы елдің әл-ауқатына қолдау көрсетеміз.

Жасалған экономикалық құн біздің негізгі кіріс көздерімізді, атап айтқанда электр энергиясын өндіруден, тасымалдаудан және сатудан, сондай-ақ көмірді сатудан және алынған төлемдерден түсетін кірістерді көрсетеді.

Құрылған құн жеткізушілер мен мердігерлер, «Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлері, акционерлер мен кредиторлар, мемлекет және жергілікті қоғамдастық арасында бөлінеді.

БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

Жеткізушілер мен мердігерлерге төленетін төлемдер

Операциялық шығындар — контрагенттерге материалдарды, өнім компоненттерін, жабдықтар мен қызметтерді, жалгерлік төлемдерді және т.б. төлеу бойынша төленетін ақшай төлемдер.

Қызметкерлерге төленетін төлемдер

Еңбекақы қоры, әлеуметтік салықтар және аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету шығындары және қызметкерлерді қолдаудың басқа да нысандары.

Капитал жеткізушілеріне төлемдер

Акционерлердің барлық санаттарына төленетін дивидендтер және Кредиторларға төленетін пайыздар

Мемлекетке төлемдер

Салықтық аударымдар

Жергілікті қауымдастықтарға инвестициялар

Қайырмыдылық және үкіметтік емес ұйымдар мен зерттеу мекемелеріне жәрдем, қоғамдық инфрақұрылымды қолдауға шығындар, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру іс-шараларын тікелей қаржыландыру

2023 жылдың қорытындылары бойынша құрылған экономикалық құн 459,452 млрд теңгені, үлестірілген экономикалық құн — 329,736 млрд теңгені, нәтижесіндегі бөлінбеген экономикалық құн — 129,716 млрд теңгені құрады. 2024-2028 жж. Бекітілген Даму жоспарына сәйкес 2024 және 2025 жылдары құрылған және бөлінген экономикалық құнды арттыру жоспарлануда.

GRI 201-1

Құрылған және бөлінген экономикалық құн, млрд теңге

Көрсеткіш*	Нақты	Нақты	Нақты
	2021	2022	2023
Құрылған экономикалық құн	353 826	404 850	459 452
Бөлінген экономикалық құн, соның ішінде:	263 314	300,995	329 736
Операциялық шығындар	167 087	188 347	217 380
Қызметкерлерге төленетін еңбекақы және жеңілдіктер	41 799	54 187	62 760
Капитал жеткізушілеріне төлемдер	25 260	23 196	16 517
Қауымдастықтарға инвестициялар	0	0	0
Табыс салығынан басқа басқа салықтар	13 512	13 653	8 457
Мемлекетке төлемдер	14 921	21 055	24 086
Өзге шығындар	735	558	534
Бөлінбеген экономикалық құн	90 512	103 855	129 716

* Алдында көрсеткіштер қоса есептеу әдісі бойынша есептелді. Ақшалай емес операцияларды, соның ішінде амортизацияны алып тастау мақсатында ағымдағы көрсеткіштер ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есептің деректерінің негізінде есептелді.

Көрсеткіштер бірлескен кәсіпорындардағы иелену үлесін ескере отырып алынған.

Салықтық міндеттемелер

Ірі салық төлеуші ретінде және Қазақстан Республикасының салық салу саласындағы құқықтық және нормативтік заңнамасын қатаң сақтай отырып, біз ел аймақтарының жан-жақты дамуына өз үлесімізді қосамыз.

Қазақстандық заңнама мен салық салу практикасы үздіксіз даму күйінде, сондықтан әртүрлі түсіндірулерге және кері күшке ие болуы мүмкін жиі өзгерістерге ұшырайды. Кейбір жағдайларда салық салынатын базаны айқындау мақсатында салық заңнамасы ХҚЕС ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ХҚЕС-тың тиісті ережелерін түсіндіруі осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық қолданған есеп саясаттарынан, пайымдаулардан және бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін, бұл Компанияда қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкелуі мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексерісті жүргізе алады.

2020 жылдың шілдесінен бастап Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі — «МКК») 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін созылған көлденең мониторингтің енгізу бойынша сынақтық жобаны іске қосты. Айталық, 2021-2022 жылдары МКК көлденең мониторинг бойынша сынақтық жобаның шеңберінде «МАЭС-1» ЖШС-де және «Самұрық-Энерго» АҚ-да (Корпоративтік орталық) бес жылдық кезең ішіндегі тарихи деректер зерттелді. Оның қорытындылары бойынша салықтық тексерулер жүргізілді, салықтық тексеру нәтижелері бойынша Хабарламалар берілді. Негізгі анықталған бұзушылықтардың ішінде қарыздар бойынша сыйақыларға шегерімдер, сондай-ақ төлем көзінен КТС азайту болды. Біз қарсылығымызды білдірдік, ҚР Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясы мен соттарға талаптар мен шағымдар берілді. 2023 жылдың желтоқсан айында ҚР Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясы Корпоративтік орталық бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ Компания тобының пайдасына шешім шығарды, «МАЭС-1» ЖШС бойынша сотта қарсылық білдіру жалғасуда.

2023 жылы біз мемлекет пайдасына

71 838

миллион теңге аудардық

GRI 207-1, GRI 12: Coal Sector: 12.21.4

Салықтық есепті салықтық жүйенің міндеттілігі, анықтығы және тұтастығы қағидаларына сүйеніп регламенттеу мақсатымен біз Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің және ҚР салық салу саласындағы заңнамалық актілердің негізінде әзірленген, сондай-ақ қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарын ескеретін «Самұрық-Энерго» АҚ Салықтық есеп саясатын²⁴ енгіздік.


«Самұрық-Энерго» АҚ салық саясатын Компания Басқармасы бекітеді. Сатықтық саясаттағы өзгерту мен толықтыру туралы шешімді Компания Басқармасы қабылдайды. Өзгертулерді енгізуге қаржы-экономикалық блоктың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары бастамашы болуы мүмкін. Талаптарды енгізуді қаржы және экономика жөніндегі Басқарма Төрағасы бақылайды. Басқару және талаптарды орындау, берілетін ақпараттың анықтығы және сәйкестігі үшін жауапкершілікті Қаржылық есеп департаментінің директоры — Бас бухгалтер көтереді.

Компанияның Салық саясатына өзгерту енгізуге мына жағдайларда бастамашылық етілуі мүмкін: Салық кодексіне салық есебіндегі өзгерістерге әсер ететін өзгерістер енгізілген кезде, сондай-ақ егер бұл өзгерістер Қоғамның салық есептілігінде оқиғалар мен шаруашылық операцияларды неғұрлым сенімді көрсетуге әкелсе.

Қабылданған Салық саясаты ортақ бизнес-стратегияға және корпоративтік басқарудың және тәуекелдерді басқарудың тәсілдемесіне сай келеді.

Салық салудың тәсілдемесі — қолданылатын салық заңнамасының талаптарын, шарттарды, нормативтік актілерді және басқа да салықтық нұсқаулықтарды толық сақтауды, салық есебіне және салық есептілігіне тиісті бақылауды қамтамасыз етуді білдіреді.

Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерінде тәуекелді қолдау және басқару үшін біз жаңа әзірлемелерді көрсету және озық тәжірибелерді енгізу үшін тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерімізді жүйелі түрде қайта қарау үдерісін енгіздік.



²⁴ «Самұрық-Энерго» АҚ салықтық есеп саясаты «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 25.12.2017 жылғы №121-VI ҚР Заңының негізінде 2018 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді.

Халықаралық және жергілікті салық заңдарындағы ағымдағы өзгерістер, сондай-ақ осы заңдарды соттарда қолдану тәжірибесінің өзгеруі салықтық дауларға және ықтимал қосымша салық міндеттемелеріне әкелуі мүмкін, сондықтан біз ішкі және халықаралық салық заңнамасын, өнегелік құқықты, нұсқаулықтар мен тәжірибені үнемі қадағалап, талдап отырамыз. Біз өз салықтық ұстанымдарымызды қаржылық есептілікте олардың сайма-сай көрсетілуін қамтамасыз ету үшін үнемі бағалап тұрамыз.

Компанияда салық есебі нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сәйкес Қаржы және салық есебі департаменті жүзеге асыратын бухгалтерлік есептің деректерінің негізінде жүргізіледі:

- «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексімен;
- «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңымен;
- Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен;
- ҚР Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарымен;
- Компанияның корпоративтік есеп саясатымен;
- Компанияның корпоративтік шоттар жоспарымен;
- Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстармен, нұсқаулықтармен, ішкі тәртіп ережелерімен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен.

Салық саясатының салықтық тәуекелге төзімділігі төмен — біз салық операциялары бойынша ашық және айқын бола отырып, салық органдарымен даулардың туындау қаупін барынша азайтуға тырысамыз. Біз қызметті жүзеге асыру кезінде туындайтын салықтық тәуекел деңгейін іс жүзінде жүзеге асыруға болатын мөлшерде, салықтық міндеттемелерді сақтауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін үдерістерге тиісті назар аудару арқылы азайтуға тырысамыз.

Біздің тәсілдеріміз қолданыстағы заңнама талаптарына, және операциялық, экономикалық және беделдік Нақтыорларды ескере отырып акционерлердің ең жоғары ұзақ мерзімді болжамдарына сәйкес салықтық тәуекелдер мен салықтық төлемдерді басқаруға негізделеді. Әртүрлі деңгейдегі салық органдарының өкілдерімен ашық диалогты сақтап тұруымыз жағымсыз салықтық салдарды болдырмауға мүмкіндік береді және біздің Салық саясатымыздың ажырамас аспектісі болып табылады.

GRI 207-3, GRI 12: Coal Sector: 12.21.6

Мүдделі тараптармен салық қызметі мәселелері бойынша өзара әрекеттесу

Біз мүдделі тараптармен салықтық қызметпен байланысты мәселелер бойынша белсенді диалог жүргіземіз. Біз қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген мерзімнің ішінде барлық қажетті есептілікті ұсынуды қамтамасыз ете отырып, салық органдарымен ашық өзара әрекеттесуді және ашық қатынасуды қолдаймыз.

ҚР ҚМ МКК-ның «Көлденең мониторинг» жобасын іске асыру барысында туындаған салықтық тәуекелдерге байланысты мемлекеттік органдармен электр энергиясын шығару және түрлендіру үшін жабдықтарды Негізгі қорлар жіктеуішіне сәйкес «Құрал-жабдықтар» тобына жатқызудың дұрыстығын нақтылау бойынша жұмыс жүргізіліп, оның нәтижесінде Компания үшін оң қорытынды берілді.

Сондай-ақ біз Салық кодексіне төлем көзінен алынатын ҚҚС, КТС бөлігінде түзетулерді енгізу туралы талқылауларға қатысамыз. Ұсыныстар Жаңа салық кодексіне енгізу туралы мәселелерді талқылау үшін енгізілген.

Өз қызметімізді жүзеге асыру кезінде біз салықтарды төлеуден жалтарудың алақол амалдарын пайдаланбаймыз.

GRI 207-3

Салық заңнамасын кез келген нақты және/немесе болжалды бұзу деректері туралы төмендегідей хабарлама жіберу арқылы «24/7 жедел желісіне» хабарлауға болады: электрондық поштаға mail@sk-hotline.kz, WhatsApp-қа 8 771 191 88 16, телефон арқылы 8 800 080 47 47, немесе <https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/hotline> сайтында кері байланыс нысанын пайдалануға болады.

Салықтық жеңілдіктер

Біз заңнамада көзделген салық жеңілдіктерінің Қоғамның және оның ЕТҰ инвестициялық жобаларына қолданылуын жүйелі түрде талдап отырамыз, өйткені олар басым секторларға инвестиция тартудың және экономикалық өсуді ынталандырудың маңызды тетігі болып табылады.

Айталық, 2012 және 2021 жылдар аралығында инвестициялық келісімге²⁵ және ҚР Үкіметінің Қаулысына²⁶ сәйкес «Мойнақ СЭС» АҚ-ның корпоративтік табыс салығынан босатумен байланысты преференциялары болды.

²⁵ 2005 жылғы 31 желтоқсандағы №0622-12-2005 инвестициялық келісім.

²⁶ Инвестициялық салық преференцияларының қолданылу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 желтоқсандағы №1239 қаулысы.



GRI 413-1, GRI 12: Coal Sector: 12.9.2

Жергілікті қамтуды дамыту

Біз тұратын аймақтардың әлеуметтік-экономикалық аспектілерін дамытуға ықпал ететін және жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесуге әсер ететін әртүрлі жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысамыз. «Самұрық-Энерго» АҚ қызметі жыл сайын мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен басымдықтарын ескере отырып қалыптастырылатын бағдарламалар мен жобаларды құруға және іске асыруға негізделген. Бастамалар есепті кезеңде Компанияның стратегиялық мақсаттарына, соның ішінде БҰҰ ТДМ-на қол жеткізуге бағытталған.



2023 жылы іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар

ТМД 1
ХАЛЫҚТЫҢ ОСАЛ ТОПТАРЫНА КӨМЕК

ХАЛЫҚТЫҢ ОСАЛ ТОПТАРЫНА ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕК

ЕТҰ атауы

«Богатырь Көмір» ЖШС

Іс-шара

Дінисенімдерге коммуналдық қызметтер бойынша берешекті өтеу үшін 14 627 мың теңге көлемінде қаржы бөлінді.

Коммерциялық емес ұйымдарға көмір, қиыршық тас, балаларға жаңа жылға сыйлықтар, түрлі форумдар мен іс-шаралар өткізуге, сондай-ақ ғимараттарды, жабдықтарды жөндеуге және т.б. 83 130 мың теңге бөлінді.

Жеке тұлғаларға медициналық емделуге, ота жасауға және жерлеуге 27 063 мың теңге қаржы бөлінді.

«Алматы электр
станциялары» АҚ

8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, энергетика саласының ардагер әйелдері Компания басшылығының ақшалай сыйақысымен марапатталды.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС

2023 жылы мүмкіндіктері шектеулі балалары бар қызметкерлерге 100 АЕК мөлшерінде материалдық көмек төленді.

«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС

Құрбан айт мерекесіне орай «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-і мұқтаж жандарға көмек ретінде қаржы бөлді. Станция қызметкерлері де №5, 9 және №11 орта мектеп оқушыларының ата-аналарына азық-түлік пакеттерін, соның ішінде ет және басқа да қажетті өнімдерді (күріш, қарақұмық, май, макарон және т.б.) сатып алуға қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, белсенді қатысты. Сонымен қатар, кәсіпорын қызметкерлері арасында, негізінен, көп балалы отбасылар мен ауыр өмірлік жағдайдағы адамдарға тағы 35 жиынтық таратылды.

ХАЛЫҚТЫҢ ОСАЛ ТОПТАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ КӨМЕК
КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КЕЗДЕСУЛЕР

ЕТҰ атауы

«Екібастұз МАЭС-2» АҚ

Іс-шара

МАЭС-2 жастар активі зейнеткерлерге көмек көрсетуге бағытталған «Qatqor» бастамасына қолдау білдірді. Жеңіс күні қарсаңында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, еңбек майданына қатысушыларға, интернационалист-жауынгерлерге және Чернобыль апатының зардаптарын жоюға қатысқандарға қаражат жиналды. Сонымен қатар ардагер энергетиктерге арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, олардың жеке қажеттіліктеріне қаржылай қаражат бөлінді.

«Umit» акциясы аясында белсенді жастар Солнечный ауылындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мультимедиялық бағдарлама ұйымдастырды.

«Алматы электр
станциялары» АҚ

Жеңіс күні қарсаңында ардагерлерге арналған салтанатты шаралар ұйымдастырылып, сыйлықтар табыс етіліп, кездесулер өткізілді. Кәсіпорынның еңбек қызметіне белсене қатысқан 14 зейнеткеріне, сондай-ақ 26 қызметкер — халықаралық соғыстарға қатысушыларға және Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюшыларға ерекше назар аударылды.

«Шардара СЭС» АҚ

Қарттар күні қарсаңында компания қызметкерлері қарт тұрғындарға барып, зейнеткерлерге үй шаруасын ретке келтіруге көмектесті.

«Богатырь Көмір» ЖШС

Мұқтаж жандарға азық-түлік қоржындары мен бірінші дәрежеде қажетті заттарын ұйымдастыру — «Жақсылық жәшіктері» тұрақты қайырымдылық бағдарламасының негізі болып табылады. Есепті кезең ішінде әртүрлі іс-шаралар өткізілді: ақпан айында дәрі-дәрмек түрінде көмек көрсету, Дүниежүзілік мейірімділік күніне орай Екібастұз қаласында шай мен жеңіл тағамдар тарату, азық-түлік жеткізу. Басқа іс-шараларға қайырымдылық үшін азық-түлік жинау және адамдар топтарымен, соның ішінде есту және көру қабілеті бұзылған адамдармен достық түскі ас ұйымдастыру кіреді. Жыл соңында мүгедек балалар үшін тәтті сыйлақтар ұйымдастыру.

Жеңіс күнінің қарсаңында еңбек майданына қатысушылар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қосқан үлестері үшін марпатталды, одан басқа «Богатырь Көмір» Кеншілер күніне орай ардагер кеншілер үшін мерекелік дастарқан ұйымдастырды. 30 ардагер кенші «Жасыбай» Демалыс орталығында демалу мүмкіндігіне ие болды, ол жерде олар үшін экскурсиялар ұйымдастырылды.

2023 жылғы 27 қыркүйекте Дүниежүзілік еңбек күні Екібастұз МАЭС-1-ге электр энергетикасы саласының еңбек ардагерлері шақырылды. Ардагерлерге өндіріс орындарын аралап, жас мамандармен құнды тәжірибесімен бөлісу үшін өз жұмыс орындарына оралуға мүмкіндік берілді. Одан басқа, ардагерлерге станцияның атынан естелік сыйлықтар тапсырылды.

Сондай-ақ біз балаларды қорғау күніне арналған мерекелік бағдарламалар ұйымдастырдық,

онда балалар «Автокөліктен сақтан» жолда жүру ережелері бойынша қысқаша курстан өтіп, сурет салумен және шығармашылықпен айналысты, сонымен қатар спорттық жарыстар өткіздік. Одан басқа, балалар үшін аспаздық мастер-кластар, сондай-ақ білім бағдарламалары ұйымдастырылды. 2023 жылдың жазында Компания қызметкерлерінің балалары сондай-ақ «Эдельвейс» жазғы сауықтыру лагерінде демалды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды, жетім балаларды және көп балалы отбасылардан шыққан балаларды қолдау аясында біз бірқатар бағдарламаларды жүзеге асырдық, соның ішінде оқушыларды мектепке тасымалдауды ұйымдастырдық, жаңа жылдық кештер ұйымдастырдық және сыйлықтар тапсырдық. «ДЦП Life Орталық Азия Қоры» Жеке Қорымен бірлесіп мүмкіндіктері шектеулі балаларды спортқа тартуға бағытталған қайырымдылық жобасы ұйымдастырылды.



ТДМ 3 САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ЖӘНЕ ИГІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Біздің қызметкерлер қайырымдылық шараларға, соның ішінде қан доноры ретінде белсенді қатысады. Қызметкерлер жыл сайын «Донор күні» іс-шарасына қатысады және медициналық көмекке мұқтаж адамдарға көмек көрсету қажеттігіне назар аудартуға себепші болады.

«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ базасында Солнечный кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені тұрақты жұмыс істейді. Кешен вокзал жұмысшыларымен қатар ауыл тұрғындары үшін де ашық. Кешен бассейнінде жаттықтырушының жетекшілігімен әртүрлі жас топтары үшін тегін жүзу сабақтары өткізіледі.

2023 жылы «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ кәсіподақ комитеті жыл сайынғы «Алтын балық» қысқы балық аулау конкурсын ұйымдастырды. Сондай-ақ есепті кезеңде «Шахтер» қалалық стадионында 4 шақырымдық жеңіл атлетикадан жарыс өтіп, МАЭС-2 қызметкерлері жүлделі орындарға ие болды.

2023 жылғы 16-18 маусым аралығында Щучинск қаласында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында Спартакиада өтті. Астанада Қордың 15 жылдығына орай «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының

қызметкерлері арасында VIII Спартакиада өтті. Халықаралық әйелдер күнінің қарсаңында МАЭС-2 Белсенді жастары салауатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды насихаттау үшін «Дәрумендер күні» акциясын ұйымдастырды.

Наурыз мейрамы мен Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өту аясында 2023 жылдың 30 сәуірінде «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС «Жас Қуат» ұйымдастырды. Осы оқиғаның аясында салтанатты іс-шаралар, командалық жарыстар және конкурстар өтті. Жастар саясатын дамыту және «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС имиджін нығайту мақсатындағы жас мамандарға арналған көшпелі тимбилдингте станцияны дәстүрлі түрде әр қыс сайын өткізілетін қысқы спорттық балық аулаудан жарыстар өткізілді. Биылғы жылы жарыс 18 ақпан күні қалалық су қоймасында өткізілді. Оған барлығы әр түрінде жарысатын 27 адам қатысты.

Сондай-ақ 2023 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне және Энергетик күніне орай салтанатты іс-шаралар, сондай-ақ Энергетик күні мен Жаңа жылға орай корпоратив өткізілді. Қызметкерлер «Самұрық-Қазына» АҚ 15 жылдығына орай ұйымдастырылған вокал және бейнелеу өнері бойынша шығармашылық байқауларға белсене қатысты.



ТДМ 4 БІЛІМ БЕРУДІ ҚОЛДАУ

Есепті кезеңде Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰЭТУ, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Ғ.Дәукеев ат. АЭЖБУ, сондай-ақ Ғ.Дәукеев ат. АЭЖБУ жанындағы колледж студенттеріне арналған білім экскурсияларын ұйымдастырдық.

Оқу орындарының студенттерін практикалық дағдыларды дамыту үшін Қазақстанның ірі электр энергетикалық станцияларына жіберуге мүмкіндігі бар.

2023 жылы «Дуалды білім беру» бағдарламасына 47 студент, сонымен қатар «Богатырь Көмір» ЖШС-нің «Атаулы шәкіртақысы» бағдарламасы бойынша 20 адам қабылданды. 2023 жылдың ішінде барлығы 374 білім алушы «Богатырь Көмір» ЖШС-де оқу тәжірибесінен өтті. Сондай-ақ ҚарМТУ, Семей қаласы Геологиялық барлау колледжінің, Екібастұз қ. жоғары оқу орындары мен орта арнайы оқу орындарының студенттерімен ақпараттық кездесулер ұйымдастырылды.

2023 жылы біздің қызметкерлер «Самұрық-Қазына» АҚ ҚР Білім министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен бірлесіп ұйымдастырған «Мектепке жол» акциясына белсенді қа-

тысты. Акция аясында аз қамтылған отбасылардың мектеп оқушылары үшін барлық қажетті кеңсе тауарлары сатып алынды.

2023 жылғы 6-9 желтоқсан аралығында Алматы қаласында Қордың портфельдік компанияларының жас мамандарының, төрағаларының, супервайзерлерінің және жастар кеңестері белсенділерінің қатысуымен Жастар білім беру форумы өтті. Форумда физикалық, зияткерлік және эмоционалдық қабілеттерді дамыту бойынша челленджер өтті..

«Богатырь Көмір» ЖШС кадр резервін даярлау және орта буын басшылары мен мамандарын дамыту бағдарламалары іске асырылады. «Жас талап» және «Өрлеу» бағдарламалары кадрлар резервін дайындау үшін жоғары білікті жұмысшылар мен мамандар арасынан дарынды және өнімді жұмысшыларды табуға бағытталған. 2023 жылы «Жас талап» бағдарламасы бойынша 110 адам, «Өрлеу» бағдарламасы бойынша 11 адам оқудан өтті, оның 66-сы кадр резервіне алынды. 20 орта буын менеджері «Тиімді басшы» бағдарламасы бойынша оқуды аяқтады.

ЕТҰ атауы

Іс-шара

«Екібастұз МАЭС-2» АҚ

Солнечный кентіндегі «Қайнар» ББК Екібастұз МАЭС-2-мен бірлесіп тұрғындар мен балаларға компьютерлік сауаттылықты үйрету үшін компьютерлік сынып ұйымдастыруға қолдау көрсетті.

Президент Екібастұз қаласындағы апатты жоюға қатысқан Екібастұз МАЭС-2 қызметкерлерін марапаттады.



ТДМ 5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Екібастұз МАЭС-2-де станцияның әйелдер ұжымының өкілдерін біріктіру мақсатында Әйелдер энергетикалық клубы құрылды. Үстіміздегі жылдың 8 маусымында өткен жиынға түрлі цехтар мен бөлімдерден келген әйелдер өкілдері жиналды. Сондай-ақ есепті кезеңде станцияда «Гендерлік зорлық-зомбылыққа

қарсы 16-күндік белсенді іс-қимылдар» халықаралық акциясы туралы ақпараттық материалдарды орналастыру және зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы тұру шараларын талқылау бойынша кездесулер өткізу арқылы қызметкерлерді ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.



ТДМ 7 ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Біз осал әлеуметтік топтарды қолдауға айтарлықтай көп көңіл бөлеміз. Айталық, 2023 жылы біз халықты электр қуатымен қамтамасыз ету, электр энергиясы, жылу, көмірге жеңілдіктер беру бағдарламасына белсене қатыстық.

Есепті кезеңде Компания жергілікті тұрғындарды жоспарлы электр қуатын өшіру, желіні қайта

жаңғырту, трансформаторға техникалық қызмет көрсету және жер учаскелерінен бағаналарды ауыстыру сияқты түрлі мәселелер туралы жедел түрде хабардар етіп тұрды. Тұрғындарға қосалқы стансаларды күтіп ұстауға және жоғары вольтты желілерді тазалауға байланысты алдағы жоспарлы үзілістер туралы хабар беріліп тұрды.



ТДМ 8 ЛАЙЫҚТЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Біз қызметкерлерімізді жайлы өмір сүру және еңбек ету жағдайларымен қамтамасыз етуге ұмтыламыз. «Мойнақ СЭС» АҚ орналасқан аумақтарда баспанаға оған қоса 77 үй беріледі. Тұрғындардың жалпы саны 235 адамды құрайды, соның ішінде 100 қызметкер және олардың отбасылары бар. Компанияның барлық қызметкерлері қолайлы жабдықталған баспаналармен, соның ішінде ауданы 6 сотықты құрайтын аула маңында учаскелері ме шаруашылық құрылыстары бар 3, 4, 5 бөлмелі үйлермен қамтамасыз етілген. Одан басқа кенттің аумағында Компания қолдау көрсетіп тұратын 30-орындық балабақша жұмыс істейді.

«АлЭС» АҚ «Сенім-2023» байқауында «Ең үздік еңбекті қорғау» номинациясында жеңіске жетті. Бұл

байқау еңбекті қорғау саласындағы кәсіпқойларға арналған Қазақстандағы жалғыз байқау болып табылады. Астана қаласында өткен «KIOSH 2023» Қазақстандық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі халықаралық конференция және көрме шеңберінде Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Төрағасы Т. Оспанқұлов «АлЭС» АҚ өкілдеріне Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Бірінші Вице-министрі А.Сарбасовтың атынан мүсіншелер мен «Ең үздік еңбекті қорғау қызметі» дипломы тапсырылды. «KIOSH 2023» XI Қазақстандық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі халықаралық көрмесіне «АлЭС» АҚ атынан Расул Оңалбаев пен Қарим Сартаев қатысты.

ЕТҰ атауы

Іс-шара

«Алматы электр станциялары» АҚ

«Эдельвейс» балалар лагері үшін жаңа үстелдер, орындықтар, шкафтар және ас әзірлейтін плита сатып алынды, сондай-ақ корпусарға ағымдағы жөндеу жасалды, оның ішінде боялды және ақталды.

«Богатырь Көмір» ЖШС

«Оңтүстік» станциясының аумағында 150 адам сыятын, тұрмыстық және санитариялық қажеттіліктерді қамтамасыз етуге арналған бір қабатты блоктық-модульдік ғимараттың құрылысы жүргізіліп жатыр. Санитариялық-тұрмыстық кешен мыналардан құралады: кір жуатын бөлме, душ, гардероб бөлмесі, шаңсыздандыру камерасы, арнайы киімді кептіретін бөлме, каска мен аяқ-киім жуатын орын, қысқы арнайы киім сақтау бөлмесі, сондай-ақ санитариялық тораптар.

2022 жылдың қараша айының басынан 2023 жылдың ақпан айына дейін Екібастұз қаласын жылумен қамтудың ақауы салдарынан туындаған қиын жағдайда біз қала тұрғындарына көмекке келген алғашқы кәсіпорындардың бірі болдық. Апаттың салдарын жою бойынша жөндеу жұмыстары кезінде қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны мен белсенді жастар түнгі ауысымдағы түскі, кешкі және кешкі астарды қоса алғанда, ыстық тамақтарды жеткізуді ұйымдастырды.



ТДМ 15 ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы қоршаған ортаны жақсарту және аумақты абаттандыру бойынша бастамаларға белсенді қатысады. Оның ішінде зейнеткерлердің аулаларын қардан тазарту шараларына қатысу, жаһандық және ұлттық абаттандыру бастамаларына қатысу, сондай-ақ санитарлық тазарту және көгалдандыру айлықтарын өткізу бар.

2023 жылы «АлЭС» АҚ сонымен қатар Алматы қаласының әртүрлі аудандарында абаттандыру жұмыстарын жүргізіп, 2,72 га аумаққа 527 ағаш көшеттері мен 150 бұтақ отырғызды, сондай-ақ әртүрлі ағаштар мен бұтақтар өсетін санитарлық аймақтар құрды.

Түрлі бекеттердің қызметкерлері сенбіліктер өткізіп, 9,9 га аумақты тазалап қоқыс жинады, бар-

лығы 48,5 текше метр қоқыс жиналды. 2020 жылдан бастап «Samruk Green Energy» ЖШС қызметкерлері мұқтаж жандар үшін киім-кешек жинау, макулатура мен пластик ыдыстарды жинау, содан кейін оларды қабылдау пункттеріне тапсыру арқылы эко-еріктілер қозғалысына қатысып келе жатыр. 2023 жылдың сәуір айында «Боғатырь Көмір» қозғалысының белсенділері «Березка» демалыс үйінде сенбілік өткізсе, қыркүйекте «Қарлығаш» БСО да осындай шара ұйымдастырды. «Боғатырь Көмір» ЖШС қызметкерлерінің күш салуының нәтижесінде қаланы тазарту жұмыстары жүргізіліп, оның барысында Қонаев даңғылы мен оған жақын көшелердегі аумақты қоқыстан тазарту, ағаштарды кесу, түскен жапырақтарды тазалау жұмыстары жүргізілді. Барлығы 700 шаршы метр аумақ тазартылып, қала сыртына шығарылған қоқыс көлемі 180 текше метрді құрады.

